



«Бекітемін»

«№1 облыстық перинаталдық
орталығы» ШЖҚ МКК-нің басшысы

С. Джабагиева

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «№1 облыстық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізген ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары

№	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша ұсыныстар	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушы	Орындау мерзімі
1	Штаттық бірліктерді тарификациялау үдерісінде қателіктерге жол бермеу, еңбекақы қорының дұрыс және нақты есептелуін қамтамасыз ету мақсатында кадр бөлімі мен бухгалтерия арасында ақпарат	Кадр бөлімі мен бухгалтерияның бірлескен жұмысы аясында штаттық бірліктерді тарификациялау деректерін жүйелі түрде салыстыруды ұйымдастыру, барлық құжаттаманың толық әрі	Бухгалтерия мен кадр бөлімінің бірлескен актісі (штаттық бірліктерді салыстыру нәтижесі); Ішкі бұйрық (тарификацияны бекіту туралы).	Жоспарлау экономика бөлімінің бастығы- Маханова А.М. Бас есепші- Асекенова К.Б.	01.12.2025 жылға дейін

	алмасуды және деректерді салыстыруды тұрақты негізде жүргізу қажет.	уақтылы рәсімделуін қамтамасыз ету			
2	Бірінші жартыжылдықтағы нақты шығыстардың жоспарлы шығыстардан ауытқуының алдын алу мақсатында қаржылық жоспарды уақтылы қайта қарастыру, оған нақтылау мен түзетулер енгізуді қамтамасыз ету..	2-жартыжылдыққа арналған қаржылық жоспарды қайта қарап, мекеменің нақты шығындарына сәйкес өзгерістер енгізу, жоспарлау және қаржылық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету.	Мекеменің қаржы жоспарына түзетулер енгізу туралы бұйрық; Мекеменің қайта бекітілген қаржы жоспары.	Жоспарлау экономика бөлімінің бастығы- Маханова А.М.	01.12.2025 жылға дейін
3	Мекемеде шығарылатын жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына, сондай-ақ жалақы сақталмайтын демалысқа қатысты бұйрықтарда ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының талаптарын	Есеп бөлімі мен кадр қызметі арасындағы өзара әрекеттестікті күшейту арқылы еңбек демалысына қатысты бұйрықтарды рәсімдеу кезінде дербес деректердің толық енгізілуін және заң	Мекемеде шығарылатын есеп бөлімі мен кадр бөлімінің келісілген бұйрықтары (жыл сайынғы еңбек демалысына ақы төлеуді көрсетуімен); Ішкі бақылау актісі.	Кадр бөлімінің бастығы- Ташфулатова Г.У.	01.12.2025 жылға дейін

	толық көлемде сақтау кажет. Бұл мақсатта демалысқа ақы төлеу туралы мәліметтерді бұйрықтарға енгізуді және есеп бөлімі тарапынан деректердің толықтығын қамтамасыз етуді ұйымдастыру ұсынылады.	талаптарының орындалуын қамтамасыз ету.			
4	Мекеме қызметкерлерінің біліктілік талаптарына толық сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында дәрігерлердің кәсіби дайындығын арттыру бойынша жүйелі шараларды қабылдау кажет. Атап айтқанда, қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарына жіберу арқылы кәсіби	Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен білім беру бағдарламалары негізінде дәрігерлерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарынан өткізу бойынша ұйымдастыру шараларын қабылдау.	Мекеме қызметкерлерінің қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарына жіберу туралы бұйрық; Дәрігерлердің курстан өткені туралы куәліктер (сертификаттар).	Кадр бөлімінің бастығы- Ташфулатова Г.У	01.12.2025 жылға дейін

